

Г.Б. Козгамбаева^{1*}, Л.С. Динашева²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru.

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Қазақстан,

e-mail: dinash_lyazzat@mail.ru

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ГРЕКТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Кеңестік билік тұсында тоталитарлық жүйенің жүргізген саясаттың салдарынан көптеген ұлттар Қазақ еліне еркінен тыс жер аударылды. Жазықсыз ұлттарды тұрғылықты жерінен күштеп жер аудару Сталиндік қуғын-сүргіннің құрамдас бір бөлігіне айналды. Совет елінде қабылданған түрлі қаулы-қарарлар мен құжаттарда шекаралық аймақтарды тазарту үшін республикаға көптеген ұлттар еркінен тыс күшпен көшірілді. Олар әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан түрлі қысымдарға ұшырап, ұзақ жылдар сталиндік репрессияның құрбаны болды. Осындай еркінен тыс жер аударылған көптеген ұлттар қатарында біздің зерттеуіміздегі гректер де болды. Жер аударылған гректердің қалыпты және бейбіт өмір сүру жағдайы өзгерді.

Депортацияға ұшыраған гректердің тарихын зерттей отырып, кеңестік биліктің жүргізілген озбыр саясаты арқылы бұрмаланған шындықты жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеу өзекті. Бір-неше толқынмен депортацияланған гректердің соғыстан кейінгі жер аударылғандарының басым бөлігі Түркістан облысы аумағына қоныстандырылды. Мақалада өткен ғасырдың 30-40-шы жылдар Түркістан облысына депортацияланған гректердің жаңа жерде бейімделуіндегі ауыр тұрмыс тіршілігі мен әлеуметтік жағдайы қарастырылады. Сонымен қатар Түркістан облысына және республика территориясына жер аударылған гректер мен олардың ұрпақтарының естеліктері арқылы оларды көшіру барысы, сенімсіз ұлттар ретінде ұстанған кеңестік саясат, қоныстандырылған жерге бейімделуіндегі жағдайлары қамтылды.

Түйін сөздер: Гректер, сталин дәуірі, жазаланған ұлттар, депортация, тоталитарлық жүйе.

Алғыс сөз Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Депортацияланған халықтардың әлеуметтік бейімделуіндегі отбасының рөлі (1930-1950 жж. (Түркістан облысы бойынша) тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды. (жеке тіркеу нөмірі: AP26103859).

G.B. Kozgambayeva^{1*}, L.S. Dinashева²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

e-mail.: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

²International University of Tourism and Hospitality of Turkestan,

e-mail: dinash_lyazzat@mail.ru

SOCIO-ECONOMIC AND LIVING CONDITIONS OF GREEKS DEPORTED TO THE TURKESTAN REGION

Abstract

As a result of the policy of the totalitarian system in Soviet times, many nationalities were deported to the Kazakh land against their will. Forced deportation of innocent nationalities from their places of residence became an integral part of Stalin's repressions. In various resolutions and documents adopted in the Soviet country, many nationalities were forcibly deported to the republic against their will in order to clean up the border territories. They were subjected to various social and legal pressures and became victims of Stalinist repressions for many years. Among the many nationalities deported against their will were Greeks, considered in our study. The normal and peaceful life conditions of the deported Greeks have changed.

Studying the history of deported Greeks, it is important to study the truth distorted by the tyrannical policy of the Soviet government from a new point of view. Most of the post-war deported Greeks, deported in several waves, were relocated to the territory of the Turkestan Territory. The article examines the complex life and social and household conditions of Greeks deported to the Turkestan region in the 30s and 40s of the last century, during the period of their adaptation to a new place. In addition, on the basis of the memories of the Greeks deported to the Turkestan region and the territory of the Republic of Greece and their descendants, the course of their deportation, the Soviet policy towards unreliable peoples, and the conditions of their adaptation at the place of resettlement are covered.

Key words: *Greeks, Stalin era, punished nations, deportation, totalitarian system.*

Acknowledgment: *This article was prepared within the framework of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic « The role of the family in the social adaptation of deported peoples in the 1930s–1950s (in the Turkestan region)». (registration number: AP26103859).*

Г.Б. Козгамбаева¹*, Динашева Л.С. ²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан,
e-mail.: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

²Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков
e-mail: barsha73@mail.ru.

СОЦИАЛЬНО-БЫТОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ГРЕКОВ, ДЕПОРТИРОВАННЫХ В ТУРКЕСТАНСКУЮ ОБЛАСТЬ

Аннотация

В результате политики тоталитарной системы в советское время многие национальности были депортированы на казахскую землю против своей воли. Насильственная депортация невинных национальностей из мест их проживания стала неотъемлемой частью сталинских репрессий. В различных постановлениях и документах, принятых в советской стране, многие национальности были принудительно депортированы в республику против своей воли в целях зачистки приграничных территорий. Они подвергались различным социальным и правовым давлениям и на протяжении многих лет становились жертвами сталинских репрессий. Среди многих депортированных против своей воли национальностей были и греки, рассматриваемые в нашем исследовании. Нормальные и мирные условия жизни депортированных греков изменились.

Изучая историю депортированных греков, актуально с новой точки зрения изучать правду, искаженную тиранической политикой советской власти. Большинство послевоенных депортированных греков, депортированных несколькими волнами, были переселены на территорию Туркестанского края. В статье рассматриваются сложные жизненные и

социально-бытовые условия греков, депортированных в Туркестанский край в 30–40-е годы прошлого века, в период их адаптации на новом месте. Кроме того, на основе воспоминаний, депортированных в Туркестанский край и на территорию республики греков и их потомков освещается ход их депортации, проводимая советская политика в отношении неблагонадежных народов, а также условия их адаптации на месте переселения.

Ключевые слова: греки, сталинская эпоха, наказанные народы, депортация, тоталитарная система.

Благодарность: *Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Роль семьи в социальной адаптации депортированных народов в 1930–1950 гг. (по Туркестанской области)» (индивидуальный регистрационный номер: AP26103859)*

Кіріспе. Сталиндік билік тұсында адамзат баласының тарихында терең із қалдырған тоталитарлық жүйенің саяси амалдарын жүзеге асыру барысында, жеке адамға жасалған қастандық, «сенімсіз» деген айдар тағылып жер аударылған ұлттардың тағдырына жасалған қастандық тарихи жадыға түскен жарамен теңеліп, бүгінде зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптар санатында. Өткен ғасырдың соңынан бастап өткір тарихи және саяси тақырыпқа айналған «депортацияға ұшыраған халықтар тарихына қатысты зерттеулер жүргізу қолға алынды. Біздің зерттеу нысанымыздағы бірнеше толқынмен республика аумағынағы облыстар ішіндегі Түркістан облысына депортацияланған гректердің тарихы мен күнделікті өміріндегі тұрмыс тіршілігі мен қоныстандырылған жерге бейімделуін зерттеу өзекті. Қазақ жеріне жер аударылған халықтар сияқты гректер де кіндік қаны тамған жерден, тілі мен дінінен айрылуы бірегейлігін сақтаудағы кедергі болды.

Мақалада өткен ғасырдың 30-40-шы жылдар Түркістан облысына депортацияланған гректердің жаңа жерде бейімделуіндегі ауыр тұрмыс тіршілігі мен әлеуметтік жағдайы қарастырылады. Сонымен қатар Түркістан облысына және республика территориясына бірнеше толқынмен жер аударылған гректер мен олардың ұрпақтарының естеліктеріне салыстырмалы талдау жасалады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Тарихи оқиғаларды зерттеу барысында бірнеше толқынмен жер аударылған гректер тарихына байланысты материалдарды жинау, саралау, талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалылық, жүйелік зерттеу тәсілдері қолданылды. Мақалада ғылыми еңбектер, естеліктер, баспасөз материалдары мен архив құжаттарын салыстыра зерттеу әдісі қолданылды. Еркінен тыс жер аударылған гректердің республика облыстары және оның ішінде Түркістан облысы аудандарына көшірілу барысы, жол бойы бастарынан өткен ауыртпашылықтар мен жол азабы және қоныстандырылған жерге бейімделуіндегі ерекшеліктеріне талдау жасалды. Депортацияланған гректердің облыс аудандарындағы қоныстану географиясы және олардың қоныстандырылған жердегі әлеуметтік, тұрмыстық жағдайы Түркістан облысының мемлекеттік архиві, Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихы архиві материалдары бойынша талдау жасалды.

Кеңес Одағында саяси репрессия, депортацияға ұшыраған халықтардың тарихын архив материалдары негізінде алғашқы зерттеген Ресей ғалымдары қатарында В.Н. Земсков, Н.Ф. Бугай және т.б. болды. Земсковтың еңбегінде Совет елінде өткен ғасырдың 20-50 жылдарында жүргізілген арнайы қоныстандыру саясаты туралы құпия құжаттарды ғылыми айналымға енгізіп, алуан түрлі дереккөздерді ұсынады [1]. Ал Н.Ф. Бугайдың еңбегінде Советтік биліктің халықтарды депортациялау туралы жоспарлар және олардың іске асырылуы, жер аударылғандардың бөтен ортада бейімделу барысындағы тұрмыстық жағдайы туралы қамтылған [2]. Ал «История сталинского Гулага» деген ұжымдық еңбектің бесінші томында депортациялау саясатының барлық кезеңдері және ОГПУ, НКВД құжаттарындағы жер аударылған халықтар ішінде гректер туралы мәліметтертер берілген [3]. Ал ғалым И. Джуханың еңбегінде гректерді Қазақстан, Өзбекстан, Орал және Сібірге жер аударылған гректердің тарихи тағдыры туралы ғылыми еңбектер, архив құжаттары негізінде терең зерттеу жүргізіп, жан-жақты талдау жасалған құнды еңбектердің бірі болып табылады [4].

Украина ғалымдары Anna Hedo, Iryna Gridina зерттеу мақаласында 1937-1938 жылдарда жүргізілген «Үлкен террор» кезінде жүргізілген операцияның дайындығы мен барысы және тоталитарлық жүйенің Украинадағы гректерді репрессиялау туралы мәліметтер беріп, талдау жасалған [5]. АҚШ-тың Йель университетінің ғалымы Снайдердің еңбегінде Шығыс Еуропа тарихының қайғылы беттермен қатар Украинаның голодомор, сталиндік жаппай саяси репрессиялау, неміс әскерінің партизандарға қарсы операциялар кезінде бейбіт тұрғындарды атуы, кеңес әскери тұтқындарын аштыққа ұшырату және соғыстан кейінгі этникалық тазарту мәселелері қарастырылған [6].

Қазақстандық ғалымдардың Абжанов, Алимгазинов, Аяган ұжымдық еңбегінде кеңестік биліктің күштеп қоныстандыру саясатының көп зерттелмеген қырлары архив материалдары мен құжаттар негізінде қарастырылған. Жинақта архив құжаттармен қатар депортацияланған грек, молдован, еврей, неміс, финн, балқар, қарашай, қалмық, шешен, ингуш, месхетті түрік, күрт, қырым татарларының естеліктері енгізілген. Ұжымдық еңбек ХХ ғасырдағы Сталиндік тоталитарлық жүйе саясатының ақтандақтарын ашуда бағалы еңбектердің бірі [7]. Ал, Б.Ракышеваның бас редакциялысымен бірлескен ұжымдық ғалымдар авторларының «Память во имя будущего» атты халықаралық жоба аясында жарыққа шыққан жинақта ХХ ғасырдың 30-50 жылдары жер аударылған ұлттардың отбасылары мен ұрпақтарынан алынған сұхбаттар мен зерттеулер қамтылған [8].

Мақалада Түркістан облысына депортацияланған гректердің әлеуметтік бейімделуі, ауыр тұрмыс жағдайы, күнделікті өміріне байланысты мәліметтер Түркістан облысының мемлекеттік архиві, Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихы архиві және Кентау өңірлік мемлекеттік архивінен алынған құжаттар алғаш рет ғылыми айналымға енді.

Нәтижелер мен талқылаулар.

Совет елінде өткен ғасырдың 30-50 жылдары жүргізілген саяси репрессиялау, депортация саясатының салдары жазығы жоқ көптеген ұлттар мен тұтастай халықтардың бейбіт түрде қалыпты өмір сүру жағдайын өзгерті. Жаппай саяси қуғын-сүргін, депортациялау жер аударылған үш миллиондай халықтардың арнайы қоныстары Сібір, Орталық Азия, Қазақстан болды. Шекара маңындағы және саяси қауіпті деп тапқан халықтарды Сталиндік билік Қазақ еліне жер аударды. Тұрғылықты мекенінен мәжбүрлі түрде күштеп көшіру салдарынан көптеген ұлттар зардап шегіп, ауыр тағдырды бастарынан өткерді. Осындай ауыр күндерді бастарынан өткізіп, жазықсыз бірнеше толқынмен ХХ ғасырдың 30-40 -шы жылдары жер аударылған ұлттардың бірі гректер. Депортацияланған гректер туралы облыстық архив құжаттары мен деректер және жер аударылған гректер мен олардың ұрпақтарының естеліктері бойынша жер аудару барысындағы жол ауыртпашылығы мен күнделікті өмірі, қоныстандырылған жерге бейімделу жағдайы қарастырылады.

Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихы архиві, Түркістан облысының мемлекеттік архиві материалдары, ғылыми еңбектер, жинақтар, баспасөз құралдарында депортацияланған гректердің естеліктері мен сұхбаттары бойынша оларды депортациялау саясатын жүргізу барысындағы жағдайы және психологиялық аспектілерді ескере отырып, олардың бейімделу үдерісі қарастырылды.

Сенімсіз этностар қатарына жатқызылып, күштеп жер аудартылып, ауыр тұрмыс тауқыметін көргендер қатарында гректерде болды. Республикаға аумағына жер аударылғандар саны 1 млн 200 мың адам [9]. Совет елінде 1937-1938 жылдары саяси репрессия, үлкен террор салдарынан жазығы жоқ көптеген халықтар еркінен тыс жер аударылды. Қазақ еліне гректер соғысқа дейін және соғыс жылдарында бірнеше толқынмен жер аударылып келді. Республика аумағына 1930 жылы бай кулак ретінде айып тағылып Адлера, Лазаревский, Тупансе, Сочи және т.б. жерлерден бірнеше жүз гректер Ақтөбе облысы Эмба поселкасына, Балхашқа, Қарағанды және Алматы облыстарына жер аударылды. Қазақстан аумағына 1937-1938 жылдары саяси қудалауға ұшыраған екі жүз шамасындағы гректер Гулаг лагерлеріне тоғытылды, грек операциясы бойынша Түркістан облысында 1938

жылы Г.Христодулиди (Түркістан) И. Георгиади (Шымкент) тұтқындалып, ату жазасына кесілді [4,с. 409-411]. (Джуха 2008: 409-411). Ал салыстырмалы түрде Украинада 1937-1938 жылдары аз ұлттарға қарсы жаппай қуғын-сүргін бойынша гректерге қарсы жүргізілген операцияға тоқталып өтсек. 1938 жылы 10 қаңтарда Ішкі Істер Халық комиссары Н.Ежов пен КСРО прокуроры А.Вышинский Донбасс грек қауымдастығының 174 өкілін ұстап, ату жазасына кесті. Ал 1938 жылы 15 қаңтардағы "жоғары екілік" отырысында М.Ежов пен А.Вышинский Донбасс грек қауымдастығының 274 өкілін атуға, ал 11 гректі 10 жылға дейін бас бостандығынан айырды. 1938 жылы УКСР бойынша 1612 грек өлім жазасына кесілді, 199 адам 10 жылға түрмеге тоғытылды, 31 адамның ісі тергеуге жіберілді. Олардың арасында 245 Греция азаматтары ату жазасына кесілді, 165 адам 10 жылға сотталып, лагерьлерге айдауға жіберілді, 19 адамның ісі қайта тергеуге жіберілген [5,23 с.].

Ғалым Т. Снайдер еңбегінде «Кровавые земли: Европа между Гитлером и Сталиным» вполне справедливо отметил, что в уничтожении своих граждан две тоталитарные системы совершали одинаковые преступления в одно и то же время, почти в тех же местах, содействуя друг другу и подстрекая друг одного. По подсчетам исследователя, уничтожительные операции были направлены против этнических групп, которые вместе представляли лишь 1,6% советского населения, однако составили не менее 36% от общего количества жертв Большого террора». Осылайша, 1938 жылдың аяғында қуғын-сүргінге ұшыраған аз ұлттар үлкен террор кезінде ату жазасына кесілу ықтималдығы 20 есе жоғары болды. Кеңес Одағы фашистік Германияға қарағанда этникалық белгілері бойынша 1000 есе көп адамды жойды [6, 339 с.]. Алайда нацистік Германияның жасаған қылмыстары туралы бірден білсек, ал сталиндік дәуірдегі қылмыстар ондаған жылдар бойы кеңестік және әлемдік тарихтың ақтаңдақтарына айналып, Қазақстанның көпұлтты халқының санасын уландырды.

Ал 1942 жылы республикаға жер аударылған гректердің қоныстану географиясына тоқталсақ, 1942 жылы Краснодар өлкесінен, Ростов облысы мен Әзірбайжаннан көшірілген гректерді Қостанай (Қарабұлақ, Федоров, Затобол, Семиозерный, Денисов және Обаған аудандарына), Павлодар (Иртыш ауданына), Солтүстік Қазақстан (Соколов ауданына), Ақтөбе, Ақмола, Көкшетау (Зеренді, Арықбалық, Макинка, Атбасар аудандарына), Қарағанды (Теміртау, Осакаровка) және Қызылорда облыстарына қоныстандырады [4, 409-411 с.]. Түркістан облыстық саяси тарихы архиві құжатында көрсетілгендей Оңтүстік Қазақстан облысы құрамынан Қызылорда облысы 1938 жылы бөлініп шықты [10, 3 п.].

1944 жылы 27 маусымда Қырымдағы гректер тұрғылықты жерлерінен мәжбүрлеп жер аударылды. Бұл оқиға қуғын-сүргін құрбандары болған гректер тарихында аса тұту күні ретінде тарихта қалды [11,12 с.]. 1944 жылы Қырымнан тауар таситын арнайы эшелондармен гректерді тұрған жерінен күш қолдану арқылы НКВД тілімен айтқанда « арнайы қоныс аударушылар» қырым гректерін, армяндар мен болгарларды әрқайсысына мал таситын тауарлы вагондарға алпыс адамнан отырғызып жер аударылған жерлерге алып келді.

Гректерді депортациялаудың келесі кезеңі соғыс аяқталған соң, 1949 жылы 7 мамырда Орталық Комитеттің Саяси Бюросы гректер туралы қабылдаған шешім бойынша жүзеге асты. Гректерді келесі толқында депортациялаудың басты мотиві «саяси сенімсіз элементтерден» - РСФСР мен Украинаның Қара теңіз жағалауын, сондай-ақ Грузия мен Әзірбайжанды «саяси сенімсіз элементтерден» тазарту еді. Ставрополь гректері Арал аймағында, украин гректері Қазақстанның батысында және Алматы облысында қоныстанды. Грузия гректері негізінен Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында қоныстанды [12, 4 с.] 1949 жылы депорта-циялануға тиісті 37 мыңнан астам гректер 75% -ы Абхазия, 7% -ы - Аджара тұрғындары болды. 1949 жылғы 5 тамызда Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі И.Долгих қол қойған және «Қазақ КСР аумағына жаңадан келген гректер контингентін қабылдау және қоныстан-дыру туралы» меморандумда 8911 отбасы яғни 37108 гректі көрсетілген [2, 83 с.]. 1949 жылы маусым-шілдеде 8 911 отбасы (37 108 адам), оның ішінде 10 975 ер адам, 12 640 әйел және 16 жасқа дейінгі 13 493 балалар Оңтүстік Қазақстан,

Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған және Алматы облыстарына жіберілді. Олардың ауқымды бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысына 24882 адам қоныстандырылды. Облысқа депортацияланған гректердің шамамен 62%, олардың 7510 ер адамдар, 8272 әйелдер, 9100 балалар болды [4, 249-250 с.]. Осы жерде айта кететейін мәселе, бүгінде Түркістан облысы атанған Оңтүстік Қазақстан облысы архив материалдарында көрсетілгендей 1932 жылдың 19 ақпанында БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің шешімімен құрамында 19 ауданы бар орталығы Шымкент қаласы болып құрылды [13, 1п.]. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихы архивінің құжаты бойынша 1949 жылы 20 қыркүйекте Түркістан облысына жер аударылған 59398 адам яғни 16944 отбасы, олардың жұмысқа жарамсыздары - 3006 адам өндіріс орындарында - 6707 адам, шаруашылықтың басқа салаларында -1619 адам, ауыл шаруашылығына -28084 адам тартылды [14, 2 п.].

1949 жылы жер аударылған гректердің басым бөлігі Түркістан облысына әкелінді. Вагон эшелондарымен әкелінген гректерді Түркістан облысыныңдағы Қызыл-Ту, Алексеевка, Сыр-Дарья, Бадам, Шымкент Тимур, Түркістан, Арысь, Сас-Тобеге бөлді [4, 422 с.]. Түркістан облысы аудандарындағы 1949 жылы гректер саны 24882 адам, яғни 5551 отбасы, оның 8272 – әйел адам, 7510 ер адам, 16 жасқа дейінгі балалар саны 9100, олар қоныстандырылған аудандар: Мырғалимсай - 5,076, Келес -1,494, Арыс - 1,554, Ильич - 6,550, Пахтарал -3,624, Қызылқұм - 1,870, Киров – 4714 [4, 424-425 с.].

Кесте №1. Түркістан облысындағы гректер (1949 ж.).

№	Облысы аудандары	Адам саны
1	Арыс	1554 адам
2	Мырғалимсай	5076 адам
3	Келес	1494 адам
4	Киров	4714 адам
5	Қызылқұм	1870 адам
6	Ильич	6550 адам
7	Пахтарал	3624 адам

Жоғарыда көрсетілген кестеде 1949 жылы бүгінгі Түркістан облысы аумағына депортация-ланған гректер қоныстандырылған.

Түркістан облысы қоғамдық-саяси тарихы архивінің құжаттарында жағдайы ауыр, күнкөрісі төмен он екі гректердің отбасы Социалистік құрылыс деген колхозда есепке қойылды. Отбасылардағы мектеп жасындағы балалардың мардымсыз бөлігі мектепке барды, ал балабақша болғанымен де оған мектеп жасына дейінгі балалар бармады. Ал дәрігерлік тексеруден өткен алпыс адамның барлығының денсаулығында кінәрат барлығы байқалған. Әйелдар арасында бірқатарында жүрек ауруы, бүйрек, жатыр ауруы, ал тексеруден өткендерде, толығымен ішек құрты тағы басқадай аурудың түрлері нақтыланған. Жер аударылғандар арасында көптеген түрлі аурулардың тарауы және олардың науқастануына басты себеп, ол климаттық жағдайдың нашарлығы, аштық, жалаңаштық және антисанитария жағдайдың болуының салдарынан [15, 88 п.]. Түркістан облысына осы жылдары жер аударылған он шақты ұлттардың әлеуметтік, тұрмыс жағдайы осындай аянышты жағдайда еді. Облыстық архив құжаттарына жүгінсек, облыстың құрамындағы Киров ауданында ауырған ересектер түгілі балаларды емдейтін дәрігер болмаған. Осындай салғырттықтың салдарынан депортацияланған ұлттардың балаларының он сегізі кормен, жиырма алтысы іш сүзегі дизентериясымен ауырған. Түркістан облысы Киров ауданындағы Октябрьдің - 30 жылдығы совхозында депортацияланған ұлттарға тұрғын үй салуға бөлінген 250 мың рубльдің 128 мыңы совхозшыларға жалақы есебінде беріліп, қалғаны айналымда пайдаланылған [3, 644 с.]. Архив құжаттарында облыс аудандарының бірі Мақтаралда 1949

жылы 30 қыркүйектен бастап 8 қазанға дейін гректер қоныстандырылған он колхозда облыстық денсаулық сақтау саласының мамандары тарапынан екі жүз он жеті гректердің отбасына тексеріс жаслды. Колхоздың кеңселеріне, мектеп, клуб, мал қораларда орналастырылған грек отбасыларына ешқандай гигиеналық тұрғыдан да, санитариялық тұрғыдан да жағдай жасалмаған, қыста өте суық бөлмелерде адамдар тұруға мүлдем болмайтындай жағдайда болды. Сонымен қатар он бес балаларымен он отбасы колхоздың клубында, төрт отбасы мектеп жасына дейінгі балаларымен мақта сақтайтын пунктте, екі отбасы жеті балаларымен мал ұстайтын қорада, төрт баласымен екі отбасы кеңседе қоныстандырылған. Қызылтаң колхозына жер аударылып депортацияланған гректерді жарығы мен жылуы жоқ, тазалық нормасы сақталмаған, ауасы тар, клуб, қора мен қойма, кеңселерде адам тұруға болмайтын жағдайда екендігін нақтыландыт [16, 87 п.].

Қысы суық, жазы аптапты ыстық болатын климаттық жағдайы олардың тұрғылықты мекенінен мүлде ерекшеленетін және елсіз, ауыз суы жоқ облыс аудандарына жер аударылған басқадай ұлттар сияқты гректер де көшірілген жерге әлеуметтік бейімделуінде көптеген қиыншылықтар болды.

Түркістан облыстық мемлекеттік архив құжаттарында облыс территориясына депортация-ланған оннан астам ұлттар облыс аумағына орналасу географиясы туралы мәліметте, облысқа 1949 жылы келген гректерден басқа ұлттар бес жылдан астам уақыттан бері қоныстандырылғандығы және Түркістан және Арыс аудандарында шешендер мен гректер тұрады. Ленгір қаласы, Георгиевка, Қаратас, Сарыағаш, Бостандық аудандарында немістер мен шешендер қоныстандырылды, қарашай, грек, түріктер Шымкент және Сайрамға қоныстандырылған. Кеңес азаматтығы жоқ гректердің басым бөлігі және қарашайлар Қызылқұм, Пахтарал, Киров, Ильич аудандарында қоныстандырылды [17, 51 п.].

Түркістан облысы және республиканың басқадай облыстарына бірнеше толқынмен депортацияланған гректердің көшірілген жерге дейінгі жол бойындағы ауыр жағдайы, ішетін су, жейтін тамақтың жоқтығы, тасымалдау вагондардың ішінде санитарлық жағдайдың болмауы, жол жөнекей адамдар өлімі, оларды көшірілген жерге бейімделуіндегі қиыншылықтар, әлеуметтік жағдайлары туралы естеліктерде көп айтылады.

Қарағанды облысы Жамбыл колхозы Нура ауданына 1942 жылы Краснодар өлкесі Туапсе қаласынан депортацияланған Харитон Васильевич Кипритиди (73 ж.) естелігінде жан түршігерлік жол жөнекей болған жағдайды айтқан. Ол: «... Біз мал таситын вагондармен Қазақстанға жеткенше жолда өткен бір айда, аш, жалаңаш, ішетін су, жейтін тамақ болмады. Жол бойы қаншама қарттар мен сәби балалар қайтыс болды. Депортацияланған әрбір грек отбасын қазақтардың кішкентай үйлеріне тұрғызды, 1956 жылға дейін осылай өмір сүрдік. Ағам екеуіміз балалар үйінде тәрбиелендік. Анам аудан орталығына айына бір рет комендатураға белгіленіп тұрды. Мен және ағам балалар үйінде тәрбиелендік. Біз еш жерде халық жауының баласымыз деп айтып, жазған жоқпыз. Халық жауының балаларына оқуға түсуге рұқсат берілмеді. Менде – балалар үйінің тәрбиеленушісі деген анықтаманың болуының арқасында үш оқу орнын бітірдім. Біз 20 жылдан кейін Тупасеге оралдық. Бүгінде қарындасым Грецияға кетті, мен Астанада, ал ағам Краснодарда тұрады. Міне осындай Сталиндік саясаттың салдарынан азапты, ауыр күндерді бастан кешірдік, (Х.В. Кипритиди сұхбатынан) [8, 68-70 с.] Анам Адгейден майкоптік, (грек азаматшасы) ал әкем (кеңес азаматы) олар Краснодардан 1942 жылы келген. Әкемнің айтуынша мәжбүрлі көшіру операциясы барысында адамдарды вагонға мінгізер алдында, ешқандай санитарлық жағдай сақталмады, мал таситын іші өте лас, тазаланбаған вагондарға мінгізген. Вагонда бит қаптап, одан құтылу мүмкіндігі болмаған, антисанитария көптеген адамдарды ауруға ұшыратты, вагон ішінде тараған жұқпалы індет ауруын емдейтін дәрі-дәрмек және дәрігер болмады. Вагондар тоқтаған станцияларда көптеген адам өліктерін шығарып асығыс көмілді. Осындай қаншама өмірден өткен адамдардың бейіттері темір жолы бойында беймәлім күйінде қалды. Гректерді қазақ жеріне алып келгенде жергілікті халық оларды жылы жүзбен қарсы алып, көмек берген. Анам Табынбай деген қазақ отбасының үйінде тұрған, сол үйдің апасы анама үнемі ыстық нан мен күріш беріп тұрды, анам мен әкем осы жерде танысып, отбасын

құрды. Анамның азаматтығы болмағандықтан оны еш жерге жұмысқа қабылдамады. Әкем жұмыс істеді, ол кезде халық өте мейрімді болды, қазақ халқы көп жәрдем берген екен. Бүгінде Қазалыда жалғыз қалған грек отбасы [18].

Түркістан облысы бүгінгі Кентау қаласы маңына жер аударылған грек азаматшасы Караяниди Нина Михайловна (1915 ж.) «...1949 жылдың маусымының аптапты ыстық күнінде, шақырайған күннің астында, теміржолдың бойында, елсіз, сусыз жерде 6 күн бойы балалар, әйелдер, қарт адамдар барлығы далада түнедік. тіпті ішетін ауыз суы болмауы салдарынан, арықтағы ағын суды ішіп, сонда кір жуып, жуындық. Мидай дала, айналада елді мекен жоқ, баспана салатын құрылыс материалдары алты күннен кейін жеткізілді. Арамыздағы ер азамат-тар бірден баспана ретінде шатырлар жасап, сарайлар салуға кірісті. Баспана ретінде салынған сарай - времянкада және шатырда бірнеше отбасылар орналастырылды. Санитарлық жағдай-дың сақталмауы және ішетін таза судың болмауы салдарынан емізулі нәрестелерден бастап әлсіз жас өспірім балалар бірінен соң бірі өліп, жаппай өлім жайлады. Бізге полиметалл комбинатының басшысы Ю.Д. Пиченюк келіп, осы елді мекені жоқ жерде қала салынады, бәрін жұмыспен қамтылып, жалақы төленеді, жағдайларын жақсарады деп айтты [19].

1942 жылы Краснодар өлкесі Анапа қаласында тұратын Сопилиди отбасы екі рет (1942 ж., 1946 ж.) Қазақстан аумағына депортацияланған екен. 1942 жылы 8 маусымда әжем Панаила Харлампиева қызы Елена (1916 ж.т.) және ұлы Иванмен (1919 ж.т.) Анападан вагонмен келген эшелондар сол жылдың 22 маусымында Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс станциясына келеді. Арыс станциясынан оларды Солтүстік Қазақстан облысына Благовещенка селосына жібертеді. Қысы өте суық, қақаған аязының өзі 45°C-қа суықта жер төледе тұрды. Азық-түлік жоқ, аш, жалаңаш отбасы мүшелері қардың астында қалған егістік алқабынан бидай мен арпаның масағын теріп, суыққа үсіп кеткен картопқа ағаштың опилкасын қосып жеп, осылай, өлместің амалын жасап 1943 жылдың көктеміне аман шыққан. Олар соғыс аяқталғаннан кейін, 1946 жылы 13 маусымда Анапаға қайта оралады, алайда билік басындағылар 1948 жылы қарашада екінші рет Алматы облысы Талғарға депортациялайды. Олар 1949 -1956 жылдарда ПМ органдарында арнайы есепте тұрып, ай сайын белгіленіп тұрды. Жарқын болашағына балта шабылып, өмірдің ауыр тауқыметін көрген отбасы мүшелері, Кеңес елінің толыққанды азаматы саналмағанына қорланды. Анам Елена (Каракасида) 1956 жылы арнайы қоныс аударудан босатылды. Туған туыстардың бәрі жол жөнекей және Солтүстіктің суық қысына төтеп бере алмай қайтыс болып кетті. Елена 1942-1946 жж. Солтүстік Қазақстанның совхоздары мен колхоздарында жұмыс істеді. Анама 50 жылдан кейін, 1992 жылдың шілде айында "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін" медалімен марапатталды. 1993 ж. Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ақталғандығы туралы анықтама алды. Үлкен ағам Степан 1941 майданға аттанып, 1944 жылы 21 қаңтарда Новгородта қайтыс болды. Мен ағам туралы мәлімет алу үшін, көп іздендім, таппадым. Ресейдің Қорғаныс министрлігі соғыс архиві 30 жылдан кейін ашылған соң интернеттен ағам туралы табылған мәліметте С.Г. Сопилиди 1941 жылдың соңынан майданда инженерлік әскерлердің капитаны, рота командирі "Қызыл Жұлдыз" орденімен және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен марапатталғаның білдік. Халық жауының баласы болғандықтан майданнан екі ғана хат алдық. Бірі майданда жүргені, екіншісі қайтыс болғаны туралы қаралы қағаз. Менің анам, әкем, ағам мен тәтемнің тағдырлары өте ауыр болды. Бұндай ауыр да азапты тағдырды ешкімге тілемес едім, кеңестік дәуірде қаншама бақытты отбасылардың шаңырағын шайқалтып, үлкен қайғы қасірет алып келген Сталиндік саясатты ешқандай халыққа тілемеймін (Н.Г. Сопилиди естелігінен) [7, 540-543 сс.].

Павлодар облысы Ертіс ауданындағы Суворов совхозына 1942 жылы 29 майда Краснодар өлкесінен Полихрониди Елизавета Александровнаның (1927 ж. туылған) отбасы депортацияланды. Олармен қатар поляктар, немістер, түріктер, кабардиндер және т.б. болды. Олардың бәрін совхоздың клубында орналастырып, бір аптадан кейін әр совхоздарға бөліп алып кетті. Елизаветаның отбасы совхоздың орталық ғимаратында қалды, өйткені оның ағасы Поликарп

суретші болғандықтан оған суретші-дизайнер жұмысы берді. Елизаветаның 8 адамнан тұратын отбасы ұзақ уақыт кішкентай бөлмеде тұрды. Елизаветаның естелігінде: «Біздің совхозда ішетін ауыз суы жетіспеді, бүкіл совхозда бір құдық болды. Адамдар жауған қарды ертіп, ауыз су ретінде ішіп, кір жууға, тамақ жасауға, жуынуға пайдаланды. Депортацияланған халық күнделікті тұрмыстық ауыртпашылықтардан басқа үнемі моральдық тұрғыдан кемсітушілікке ұшырап отырды. Қалыптасқан режим адамдарды сорттарға бөлді. Жер аударылғандардың бүкіл өмірі олардың екінші сорттағылар ретінде көрсетті, ал балалар кемсітушілік сезімімен өсті. Елизаветаның ағасы Поликарп өз еркімен майданға баруға өтініш жасағанымен оған екі себепке (халық жауының баласы және кеңес азаматтығы жоқтығына) байланысты рұқсат берілмеді [20,202-205 сс.] .

Батумиден 1949 жылы жаздың алғашқы айында депортацияланған Н.Ерифрадидің отбасы мал таситын вагонға тағыда басқадай ұлттармен аралас әр вагонда алпыс адамды тоғытып, эшелонмен Темір станциясына (Түркістан облысы) алып келді. Аптапты ыстық, сусыз, елсіз жерде қоныстануға наразылық білдіргендеріне қарамастан, жүк машиналарына оларды тиеп Қатты айғай шу болғанына қарамастан, көнбегендерге қол жұмсаған әскерилер Шәуілдірге жеткізді. Депортацияланған гректер арасында медбике, дәрігер, инженер, құрылысшы маман иелерін алып қалды. Ал қалған гректерді ауылшаруашылығындағы ауыр жұмыстарға жекті. Нонаның әкесі мал дәрігері болса да, колхоздардағы шопандарды емдеді. Ал кейіннен олар отбасымен Шымкент қаласында тұрды [21, 307-308 сс.] .

Түркістан облысының меншікті тілшісі, журналист Л.Доброта «Қазақстанская правда» газетінде «Обретение родины» деген атпен жазылған мақаласында Шәуілдірге жер аударылған Культупидиди Лазерь Андреевичтің сұхбат түрінде алынған естелігінен берілген мәліметте Батумиден 1949 жылы анасымен жер аударылғандығы қамтылған. Батумиден бұлардың отбасынан басқадай көптеген гректер жер аударылды, алайда жолға шығуға еш дайындықсыз жол бойынан, біреулерін қонақта отырған жерінен, ал біеулерін жұмыстан қылмыс жасаған тұтқын сияқты алып келіп, әртүрлі вагондарға тоғытты. Тіпті олардың отбасылармен қауышуға да ешқандай мүмкіндік болмады және отбасыларының қалған мүшелері тіпті қайда екенінен де бейхабар болды. Депортацияға ұшыраған ұлттардың барлығын қысылып, қымтырылғанына қарамастан бір вагонға алпыстан аса адамдармен толтырылған вагонда бір айға жуық уақыт шамасындай жол жүрді. Есік, терезесі жабық тар вагондарда, ішетін суы жоқ, адам тасуға мүлдем сай келмейтін вагонда отырып, белгіленген жерге дейін жол азабын көрді. Қазақстан жеріне келген уақытта вагондағы адамдарға далаға шығуға рұқсат берілді. Қашып кеткен-дерге жиырма бес жыл түрмеге қамалатындығы туралы әскери киімдегілерден ескерту жасалды. Сонымен Түркістан облысы Шәуілдірге жеткізілген Культупиди отбасын тұрғын үй ретінде мал қораға жайғастырды. Ұзақ жолдан азып, тозып, дінкесі құрып, шаршап, шалдыққан гректерге берілген ыстық тамақ, не жұмыс болмады. Сонымен жер аударылған гректердің наразылықтарына қарамастан, мемлекет тарапынан ешқандай көмек болмады. Шымкент қаласындағы өндіріс орындарынан өкілдері Шәуілдерге келіп, қажетті маман кадрларды іріктеп, шамамен жүздеген отбасыларымен қатар Культупиди отбасы да жұмысқа алынды. Депортацияланған гректер облыстың басқа аудандарындағы (Мақтарал, Шардара, Кентау аудандарында) туған туыста-рымен грек тілінде хат жазысып тұрды, барыс, келіс жасап көрісуге рұқсат берілмеді [12, 4 с.] .

Жоғарыда қазақ жеріне депортацияланып келген гректердің естеліктер, сұхбаттарында республика территориясына бірнеше толқынмен Қарағанды облысы, Қызылорда облысы, Солтүстік Қазақстан облысы және Түркістан облысының аудандарына депортацияланған гректер және олардың ұрпақтарының естеліктер берілді. Естеліктің барлығында дерлік депортациялау саясатын жүргізу барысындағы отбасындағы ауыр жағдайлар және жол бойы көрген азаптар туралы көптеген мәселелер қамтылған. Салыстырмалы түрде талдау жүргізсек, оларды көшіп келген жерге бейімделуі мен әлеуметтік жағдайлары ауыр болғандығын аңғарамыз. Депортацияланған гректер арасында Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталған соң, туған жеріне қайта көшіп барғандарын, екінші рет жер аударылғандарда барын байқадық. Алайда республиканың солтүстік өңірлеріне жер аударылған гректердің

отбасындағы жағдай, оңтүстік өңіріне көшірілген гректерден әлде қайда климаттық жағдайға байланысты ауырлау болғандығын байқаймыз.

Түркістан облысы және республиканың басқа да облыс территорияларына жер аударылған гректер ауылшаруашылығында, өндіріс орындарындағы арзан жұмыс күші ретінде тартылды.

Екінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында сенімсіз ұлттар қатарында саналған гректерді соғысқа алмау, майдан шебінен қайтару туралы шешімге алып келді. Алайда Отан үшін, отқа түсіп, өмірін қатерге тігіп, жауға қарсы күрескен қаншама гректер болды. Соның бірі Симферополь ауданы, қазіргі Клиновка грек селосында, комсомол жетекшісі Апостолидид Константин Демьянович құрған топқа ата-анасы, 3 ағасы, әпкесі, күйеу баласы және селоның 20 тұрғыны кірді. Партизандар мен Қырымның жасырын ұйым мүшелерінің штабы болған әкесінің үйінен 1941-1942 жылдары партизандарға азық-түлік жеткізіліп тұрғаның білген немістер отбасы мүшелерінің біразын атып, ал әкесі Демьян Георгиевич тұтқынға алынып, неміс конц-лагерінің барлық қасіретін басынан кешіріп, кейіннен партизандардың көмегімен құтқарылды. Алайда, 1944 жылы 27 маусымда Қырымдағы гректердің үйіне күтпеген жерден, кеңес әскерлері келіп, тіпті Апостолидидің үйіне келіп, отбасынан тірі қалған мүшелеріне «Мемлекеттік қорға-ныс комитетінің қаулысы бойынша сіздер Кеңес Одағының шалғай аудандарына жер аударыла-сыз, - деп айтты... Сонымен Қырымда тұратын гректердің біреуіде қалмады. Апостолиди отбасының қалған мүшелері Сібірдің ұзақ жолдарында жоғалып кетті [22, 12-13 сс.]. Осындай ауыр қайғылы оқиғаларды да гректер өз бастарынан өткізді. Алайда соғыстың алғашқы жылдарында майдандағы жауға қарсы соғысқа қатысқан гректердің ер азаматтарының көп бөлігі соғыс майданынан қайтпай қалғандар және соғыстан кейін әскери қызметте болды. Осындай майдангер Георгий Пантелеевич Эрмиди соғыстан кейін Қаратөңіз флотында қызметте болды. Ол ойламаған сәтте әпкесінен хат алады, хатта гректерді Қазақстанға жер аударатыны туралы хабарды біліп, командирінен болып жатқан жағдайды сұрағанда, ол ештеңе айтып, түсіндіре алмады. Ол соғыс біткеннен кейін, Түркістан облысы Келес ауданына келді. Бұл жерде Абхазия-дан жер аударылған туыстары болған еді. Ол соғыс ардагері және оған депортациялау туралы шешім шықпағандықтан қалаған жерінде тұруға рұқсат берілді. Ол өзінің туысқандарының жанына барып тұру туралы шешім қабылдады. Дәл осындай шешімді грек ұлтынан шыққан атақты барлаушы Василий Фисадиди де 1949 жылы әскерден демобилизацияланғаннан кейін бірден Мырғалымсайдағы өзінің отбасына аттанды. Васили Дмитриевич өзінің отбасының депортацияланып Қазақстандағы Кентау қаласында екендігін білген уақытта, бірден бөлім командиріне рапорт жазып, отставкаға кеткен [23, 2-3 с.]. Қазақстан Ұлы Отан соғысының үздік барлаушысы, аты аңызға айналған Василий Дмитриевичтің Отанына айналды. Депортацияға ұшыраған отбасындағы баласы мен әйелін әйелін іздеп, біраз жылдардан кейін Кентау қаласынан тапты. Қалалық автобазаның басшысы болып жұмыс істеп, өмірінің соңына дейін Кентауда тұрып, 63 жасында қайтыс болды [24, 4 с.].

Сталиндік билік тұсында Түркістан облысы аудандарына жер аударылған гректердің басым бөлігі ауылшаруашылығындағы жұмыстарға тартылып, арзан жұмыс күші ретінде жалақының орнына мардымсыз бидай берілді. Бұған дәлел ретінде Түркістан облыстық мемлекеттік архивіндегі құжаттарда колхозда жұмыс істеген бір күндік жұмысы ақысына 800 граммнан бір килограммға дейінгі мөлшермен астықпен берілген. Облыстағы колхоздардың бірі Андреевкада жұмыс істейтіндер тәулігіне бір 1 кг картоп, екі кг бидай, жарты литр мөлшерінде сүт берілген. Ал Қызылқұм ауданының бірқатар ұжымшарларда 1949 жылы арнайы қоныстандырылған гректерге еңбек жалақысы бірнеше айлар бойы берілмегендігі туралы мәліметтер берілген [25,87п.] Түркістан облысының шөлді аудандарында жер аударылған халықтардың ауылшаруашылығындағы еңбегінің арқасында шөлейттей

жерлерде сумен суаратын арық тар қазылды. Облыстың Пахта-Арал, Киров және Ильич аудандарында негізгі дақыл мақта болса да, 1949 жылдың аяғында алма бақтар мен жүзімдіктер 647 гектар жерде өсірілді [4, 422 с.]

Түркістан облысынадағы Мырғалымсай қорғасын кенішіне жұмыс істеген гректердің басым бөлігі Грузия мен Краснодар аумағынан депортацияланғандар. Бірнеше толқынмен жер аударылған гректер облыс бойынша аудандардағы жетпістен астам колхоз совхоздарда ауыл шаруашылығымен айналысты. 1956 жылы Совет Одағының Министрлер кеңесінің шешімімен депортацияланған гректерден тартып алынған дүние мүлкі және малдарын қайтарып беру тек Кеңестік азаматтығы бар гректерге компенсация берілді. Гректер облыс аумағында ең көп қоныстанған қала Кентау қаласы болды. Жер аударылған гректер облыстың аудандарына алғашында қиын тұрмыс тіршілік, аштық пен жалаңаштық, күн көріс қамының ауырлығына біртіндеп үйрене бастады, климаттық жағдай мен әлеуметтік ортаға өте ауыр болғанына қарамастан, пен аштық, Облысқа депортацияланған гректерге өте ауыр болғанына қарамастан, олар ауа райы мен әлеуметтік ортаға біртіндеп бейімделе бастады. Гректер өз бетінше тұрғылықты жерін, көршілерін, мамандық бойынша кәсібін өздерінің қалауы бойынша таңдауға кеңестік билік мүмкіншілік бермеді. Сондықтан қиын жағдайда болса да, біртіндеп бейімделу үрдісі жүрді. Депортацияланған гректердің жұмыс істек қабілеті барлары өндіріс орындары мен ауылшаруашылығында жұмыс істейтіндері жергілікті тұрғындармен бірлескен жұмыс барысында біртіндеп бейімделу процесі жүрді. Жер аударылған гректерге жергілікті халық азық түлігімен бөлісіп, тұрғын үй салуға көмектесті [26,6 п.] .

Қорытынды. Облыс аумағына күштеп қоныс аударылған ұлттар мен тұтастай халықтар Советтік билік тұсында жүргізілген саяси қысымшылыққа қарамастан жергілікті халықпен бірлесе отырып, облыстың халық шаруашылығын қалпына келтіруде, ауыр тұрмыс тіршілігіндегі қиыншылықтарға төзіп, терін төгіп еңбектенді.

Олардың арасынан шыққан танымал өнер қайраткерлері, ғылымға үлесін қосқан көрнекті ғалымдар, жазушылар, республиканың озат педагогтары, мәдениет, қоғам қайраткерлері де аз емес. Кіндік қаны тамған, туған жеріне қайта алмай тұрақтап қалған гректер облыста өніп-өсіп, өркендеп отыр. Тоталитарлық жүйе, депортацияланған гректердің тарихына жазылмас жара, өшпес із қалдырды. Ұлт ретінде, болашақ ұрпақтарының сахна төрінен ығысып қал-мауына жол ашылып, жеке мәдени орталықтарын дамытып, кейінгі буынның тілдерін дамытып, ата-баба салт-дәстүрімен сусындатып, өз Отандарымен тығыз байланыс жасау-ларына тәуелсіз мемлекетіміздің ықпалы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Земсков Виктор. Спецпоселенцы в СССР 1930-1960 гг. - Москва: Наука, 2003. – 306 с.
2. Бугай Николай. Л. Берия – И. Сталину: «согласно Вашему указанию...». - Москва: АИРО-XX, 1995. - 322 с.
3. Царевская-Дякина Т.В. История Сталинского Гулага конец 1920-х - первая половина 1950-х годов Т. 5 Спецпереселенцы в СССР. – Москва: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2004. -824с.
4. Джуха И.Г. Греческая операция: история репрессий против греков в СССР. – Алтейя, 2006.
5. Anna Hedo, Iryna Gridina Inadmissible memory “operations”: repressions against the greeks in Ukraine//Киевские исторические научный журнал. - № 2(9) 2019. –С. - 19-26.
6. Снайдер Тимоти, Кровавые земли: Европа между Гитлером и Сталиным (Перевод с английского Лукии Зурнаджи). - Киев: Дуліби, 2015. – 584 с.
7. Абжанов Х.М., Алимгазинов К.Ш, Аяган Б.Г. и.т.др. Из истории депортаций

Казахстан. 1939–1945 гг. Сборник документов. Т. 3.– Алматы: LEM, 2019. – 708 с.

8. «Депортация народов в Казахстан в 1930–1950 гг.: общность истории» (интервью с пострадавшими от депортаций в 1930–50 годы в Казахстан) под общей редакцией Ракишевой Б.И. - Астана, 2013 год. - 683 с. - (Серия «Устная история»). - 67–78 с.

9. Тоғжанов Ералы, Кан Григориш. Қазақстан халқы Ассамблеясы: жиырма жылдық тарих.-Алматы, «ҚАЗАқпарат», 2015., - 342 б.

10. Арнайы қоныс аударушылар арасында партиялық-ұйымдық және коммунистік партиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен жақсарту бойынша құжаттар. ТОҚСТА, 40-қ., 1- іс. -3п

11. Кульбаев Тлеу Народ трагической судьбы. Как греки оказались в Казахстане // Страна и мир., 2012. – 17 сентября.

12. Доброта Любовь, Обретение родины //Казахстанская правда. 2005. 20 март.

13. ТОҚСТА, 40-қ., 1- іс. -1п.

14. ТОҚСТА. 40-қ., 9-т., 1211 -іс. – 2 п.

15. ТОҚСТА.40-қ., 635, 1.-т., 422 -іс. - 88п.

16. ТОҚСТА 40-қ., 635 422 - іс. – 87п.

17. ТОМА. 136 -қ., 1 -т., 252- іс. 51п..

18. Елена Константина Андриади, зейнеткер, 68 жаста (Интервью 12.10.2020). Қызылорда облы, Қазалы. 12.10.2020.

19. Нина Михайловна Караяниди История переселения греков в Кентау <https://1gr.tv/poslednie-novosti/kultura/category/istoriya-pereseleneniya-grekov-v-kentau> (05.03.2024).

20. Пичкунова Ольга, Греки Казахстана: история одной семьи. //Человек в истории. Казахстан - XX век. - Алматы, 2003. - 302 с. (-201-212 бб.).

21. Алдажұманов Хайдар, Алдажұманов Е.К. «Депортация народов – преступление тоталитарного режима. Депортация народов и проблема прав человека. // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. — Алматы, «Арыс» Казахстан», 1998. - 428.

22. Яли И. А. «К тебе, с тобою и к славе» // Материалы научно-практической конференции «Греки Украины: поиск формирования национальной культуры» 9-19 февраля 1991г. – Донецк 1991. - 181 б. (11-24 сс.).

23. Ковалева Л. Греки в Южном Казахстане Печаль моя, кремень же... //Южный Казахстан. 2003. 26 февраль. №25-26(17625- 626). -2-3 стр.

24. Гурина Елена. Нация изгнанных. //Караван. 2004. 44(756). - 4с.

25. ТОМА. 635-қ., 1- т., 422 -іс. – 87 п.

26. Кентау мемлекеттік өңірлік архиві Ф.120. Оп.27. Д.12. -6 п.

References:

1. Zemskov V.N. (2005). Spespereselensy v SSSR, 1936-1960gg. [Special settlers in the USSR]. Moskva: Nauka. S.306.

2. Bugai Nikolay. L. Beria to I. Stalin: "according to your instructions..." - Moscow: AIRO-XX, 1995. - 322 p.

3. Sarevskaia-Däkina T.V. i dr. (2004). İstoria stalinskogo Gulaga. Kones 1920-h - pervaiia polovina 1950-h godov. [The history of Stalin's Gulag. The end of the 1920 s-the first half of the 1950s.]. Spespereselensy v SSSR. Moskva: RPE», S. 824.

4. Dzhuha I. G. Grecheskaya operaciya : istoriya repressij protiv grekov v SSSR. — Aletejya, 2006.

5. Anna Hedo, Iryna Gridina Inadmissible memory “operations”: repressions against the greeks in Ukraine// Kyiv historical scientific journal. - No. 2 (9) 2019. – P. - 19

6. Snyder Timothy, *Bloodlands: Europe between Hitler and Stalin* (Translated from English by Lukia Zurnaji). - Kyiv: Dulibi, 2015. – 584 p.
7. Abzhanov H.M., Alimgazinov K.Sh., Ayagan B.G. and others. *From the history of deportations of Kazakhstan. 1939–1945. Collection of documents. T. 3.* – Almaty: LEM, 2019. – 708 p.
8. *Deportation of Peoples to Kazakhstan in the 1930s–1950s: Common History”* (interviews with victims of deportations in Kazakhstan in the 1930s–50s) edited by B.I. Rakisheva. - Astana, 2013. - 683 p. - (Oral History Series). - 67–78 p.
9. Togzhanov Yeraly, Kan Grigorii. *Assembly of the People of Kazakhstan: twenty years of history.*-Almaty, "KAZakparat", 2015., - 342 p.
10. TOKSTA, 40-q., 1- is. -3p
11. Kulbayev T, *The tragic destiny of Tleu Narod. How the Greeks found themselves in Kazakhstan* // *Strana i mir.*, 2012. - September 17.
12. *Dobrota lybov Birth of Discovery* // *Kazakhstanskaya Pravda*. 2005. March 20.
13. TOKSTA, 40-q., 1- act. -1p
14. TOKSTA. 40-q., 9-t., 1211 -is. – 2 p.
15. TOKSTA.40-q., 635, 1.-t., 422 -is. - 88p
16. TOKSTA 40-q., 635 422 - case. – 87p
17. TOMA 136 -k., 1 -t., 252-is. 51p.
18. Elena Konstantina Andriadi, *zeinetker, 68 years old* (Interview 10/12/2020). Kyzylorda region, Kazaly. 10/12/2020
19. Nina Mikhailovna Karayanidi *History of the resettlement of Greeks in Kentau* <https://1gr.tv/poslednie-novosti/kultura/category/istoriya-pereseleneniya-grekov-v-kentau> (05.03.2024).
20. Pichkunova Olga, *Greeks of Kazakhstan: the history of one family.* // *Man in history. Kazakhstan - XX century.* - Almaty, 2003. - 302 p. (-201-212 pp.).
21. Aldazhymanov H., Aldazhymanov E.K. «*Deportaciya narodov – prestuplenie totalitarnogo rezhima. Deportaciya narodov i problema prav cheloveka.* // *Deportirovannye v Kazahstan narody: vremya i sud'by.* — Almaty, «Arys» Kazahstan», 1998. 428.
22. Yali I. A. "To you, with you and to glory" // *Materials of the scientific-practical conference "Greeks of Ukraine: search for the formation of national culture" February 9-19, 1991 - Donetsk 1991.* - 181b. (11-24 pp.).
23. Kovaleva L. *Greki v YUzhnom Kazahstane Pechal' moya, kemenchzhe. YUzhnyj Kazahstan.* 2003. 26 fevral'. №25-26(17625- 626). S. 2-3.
24. Gurina Elena. *Nation of the Exiled.* // *Karavan.* 2004. 44(756). - 4p.
25. TOMA, F.635, Op1.D422,87p.
26. *Kentau memlekettik onirlik archive F.120. Or.27. D.12.* - 6 p.